

Индуизм діні



Орындаған: БТ-15-1 тобының студенті Мырзан Шынар
Тексерген: Адылханова Самал Ерденовна

Жоспар:

- I. Индуизм діні туралы
- II. Индуизм дінінің тарихы
- III. Индуизм дінінің құдайлары
- IV. Брахман
 - 1) Шива
 - 2) Вишну
 - 3) Кришна
 - 4) Ведалар
- I. Упанишадтар
- II. Әлемнің құрылымы жөніндегі ілім
- III. Адам туралы ілім
- IV. Индуистердің діни рәсімдері
- V. Индуизмнің ағымдары

- **Индуизм** — әлемдегі ірі діндердің бірі.
- Индуизм б.д. дейінгі бірінші мыңжылдықта пайда болды.
- IV-VII ғасырларда Үндістанда будда діні дамыды.
- Индуизм – Үндістанда пайда болып, қазіргі кезде дамып келе жатқан діни дәстүр. Бұл дінді ұстанушылардың жалпы саны жер бетінде 700 миллионнан асады деген деректер бар. Оңтүстік Азия елдерінде (Үндістан жұртшылығының 83%-ы, Непалда, Шри-Ланкада, Бангладеште индуизмді ұстанады. Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Индонезия, Сингапур) мен Африканың кейбір өңірлерінде де аздап таралған. XX ғасырдан бастап индуизм Еуропа мен Америка елдерінде тамыр жайып, жаңаша ерекшелігімен жұртшылықтың бірден назарын аударды.




Индуизм дінінің тарихы

Индуизмнің тұңғыш қауымы – «адживака» тақуалық жолын тұтып, тән құмарлығымен күресті . Бірақ , Вишнуға табынды. «Адживака» діни идеяларын «бхагаватами» толықтыра түсті . Ол Вишнумен қатар Кришнаға тең дәрежеде құрмет көрсетті. XII ғасырда брахмандар жарты құдай – Рамаға ерекше тұғыр орнатты. XV ғасырда діни ғұрыптар қара халықтың тілі болып саналатын хинди тілінде атқарыла басталды . Осының нәтижесінде Вишнудің көпшілік арасындағы мәртебесі жоғарылай түсті . Шиваға құлшылық жасау да осы құдайды мойындаушы қауымдардың бірлігінің нығаюына қызмет етті . Бірақ , көпқұдайлық үнді халықтарының одан әрі қауымдаса түсінуіне кедергі болған жоқ. Керісінше, осы көп құдайлар біртұтас діни түсінік аясында құрметтеліп, индуизм баршаның дініне айналды.



- Индуизм үшін *«Махабхарата»* және *«Рамаяна»* эпостары - Үндістанды арий тайпалары жаулап алуы кезеңіндегі үнділердің қаһармандық күресі туралы әңгімелейтін қасиетті аңыздар жинағы. Поэмада индуизм құдайлары туралы кең әңгімеленеді. *«Рамаянада»* Раманың және оның жұбайы Ситаның өмірі баяндалады. Индуизмнің діни ескерткіштерінің ішінде құрылымдық жағынын *«Махабхарата»* эпосына енетін дүниетанымдық проблемаларға түсініктемелер беретін *«Бхагават-Гита»* философиялық концепция тұтастығымен ерекшеленді. Концепцияның негізін күллі болмыстың бастауы ретіндегі пракрит туралы және одан дербес таза рух – пуруша туралы ережелер құрайды. Осылардан шығарма авторларының екі негізді мойындаған дуалистік көзқарасы көрінеді.



VIII ғасырда Үндістанды арабтар жаулап алғаннан кейін Ұлы Моғол империясы ислам дінін енгізеді. Ислам діні кең тарап, шаруалар, қолөнершілер жаңа дінді қабылдайды. Қазіргі заманда да Үндістанда буддизм, христиан және ислам діндері кеңінен тараған.

Индуизм термині Синдху өзенінің парсы тіліндегі атауы "Хинду" деген сөзден негіз алған. Кейіннен бұл сөз тек өзен мен оның жағасындағы Үнді елін ғана білдірмей, сол елдегі халықтың атауына айналған.

ИНДУИЗМ ДІНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


Индуизм адамды рухани құтқарудың үш жолын ұсынды. Олар:

- қасиеттері істер жолы;
- таным жолы;
- адалдық жолы.

Ортағасырлық Үндістанның бір ерекшелігі - халықтың касталарға бөлінуі. Әр кастаның феодалдық қоғам өмірінде белгілі орны болды. Әр кастаның кәсібі әкеден балаға көшіп отырды. Басқа кастаның өкілімен некелесуге рұқсат етілмеді. Әр кастаның қалыптасқан салт-дәстүрі қатаң сақталды. Бір кастадан екінші кастаға өтуге тыйым салынды. Индуизм діні Үндістан қоғамындағы касталық бөліністі қолдап отырды. Индуизм әр түрлі діни нанымдарды қамтиды.

Индуизм дінінің құдайлары

- Брахман – әлемді жаратушы, ғарыштағы күн мен түнді, өмір мен өлімді реттеуші. Бірақ Брахманның адам алдындағы еңбегі дәстүрлі индуистік түсінік бойынша көрнекті болмады. Сондықтан да Брахманға онша сыйынбайды, оған арналған храмдар саны да санаулы ғана.



Шива құдайы

● **Шива** – өлім және күйзеліс құдайы, тыныштық пен теңдіктің құдайы.

● Шиваның негізгі қызметі жою және өзгерту, сонымен қоса ол – өмірлік күштің және еркектік бастаманың иесі.

● Шива перілерге қарсы күрестерде ерекше батылдық көрсеткендіктен, оны көбінесе қатал жоюшы ретінде қабылдайды. Бұл ипостасында Шива ырғақ пен би құдайы да болып келеді. Бидің қозғалысындағы Шиваның төрт қолы оның құдіреттілігі мен мүмкіншіліктерін бейнелейді. Қастарының орта-сындағы үшінші көз де жоюшылық күшті білдіреді.

● Индуистер, әсіресе шиваиттер, Ұлы Шиваға өте көп функцияларды таңады. Соның бірі шакти – Шиваның өзінің бөлек рухани энергиясы. Шакти тек қажетті жағдайларда ғана көрінеді. Индуистердің түсінігі бойынша шактидің көмегімен адам өзінің негізгі мақсатына, мокшаға (жанның туу мен өлім тізбегінен босатылуы) жетеді. Шактиді киелі әйелдік бастама Шиваның зайыбы Шакти құдай деп қабылдайды. Бұл Шактидің көрінісі ретінде көптеген әйел құдайлар пайда болды. Солардың ішінде Дурға мен Калиге сыйынушылар өте көп.



Шива

Вишну – индуизмдегі бейбітшілікті сақтаушы қызметіндегі құдай. Ол қарапайым және адамдарға өте жақын. Оның зайыбы Лакшми құдай нәзік әйел махаббатының бейнесін символдайды. Вишнудың аваторлары өте көп. Төрт бейнеде ол жануар болып көрінеді. Вишнудың қалған белгілі бес аваторлары: **Парашурама, Рама, Кришна, Будда** және болашақта келетін **Калка** құдайы болып есептеледі. Будданы Вишнудың аваторы ретінде қабылдау буддизмнің индуизм жүйесіне кіргізілгенін көрсетеді. Рама – "Рамаяна" поэмасындағы патшаның ұлы, тақтың мұрагері, батыр бейнесі. Халықтың санасында ол құрметке бөленіп, Раманың, Вишнудың аваторына айналған.



Вишну

Ал тағы бір белгілі эпостық жырдың кейіпкері Кришна да Вишнудың аваторы болып есептеледі. Кришна жалпы үнділік жоғарғы құдай дәрежесіне көтерілген. Жыр бойынша батыр жауынгер Арджунаның атқосшысы болып жүріп, оған аспан заңы мен эпикалық заңдардың жоғарғы мәні туралы әңгіме айтады. Кришнаның бұл философиялық тұжырымдары Бхагавад – Гита тарауы түрінде Махабхарата жырына енгізілген. Кейіннен Кришна ақылшы философтан көңілді, жеңіл ойлы бақташы құдайға ауысады. Осы ипостасында ол Үндістан әйелдерінің сүйікті және өте белгілі құдайы ретінде дәріптеледі. Көктемгі діни мейрамдарда Кришнаға арналған көп діни ғибадаттар жасалады. Кришнаға табыну қазіргі кезде Америка және Батыс Еуропа елдерінде вайшнавизм, Кришна санасы қоғамдары арқылы кең таралған.



Кришна

- Индуистердің көпшілігі **Шива** мен **Вишнуға** табынғандықтан, **шиваиттер** мен **вишнуиттер** болып екіге бөлінеді. Шива мен Вишну өте жоғары құрметке ие болып, оларға арнап храмдар тұрғызылады, құрбандықтар шалынады. Киелі нәрсеге табынушылықтың ізі күні бүгінге дейін сақталған. Үнділер Ганг өзенін, жануарлардан - сиырды, өсімдіктерден лотосты киелі деп санайды.



Брахман.Вишну.
Шива

Индуизмнің қасиетті жазбалары Ведалар болып есептеледі. Олар құдайлардың асыра мадақтауын, әнұранын, дұғаларын және құдайға құлшылық етулерін қамтиды.



Ведалар төрт бөлімнен тұрады:

- **Самхит**—құдайларға арналған гимндер жинағы.
- **Брахман** - самхитті түсіндіретін әр түрлі мифологиялық әңгімелер.
- **Араньякта (Орман кітабы)** — брахманға тән ритуалдардың орнына, сол құдайларды іштей сыйлап құрметтеу, олар туралы ойлап толғану сияқты көзқарас.
- **Ведалардың ең соңғы сатысы "упанишадта"** дәстүрлі касталарды қарсы қоюдан гөрі, олардың арасындағы айырмашылықты ең жоғары білім арқылы жоққа шығаруға болады деген идея уағыздалады.

- Қоғамдағы жетекші орын ақсүйек – брахмандарға тиесілі болды. Тек солар ғана ведалық мәтіндерге дұрыс түсініктеме беру құқығын иеленді. Олар Ведаларға арнап **Упанишадтар** деп аталатын түсініктемелерді құрастырды.
- Упанишадтарда индуизм философиясының мистикалық тұжырымдамасы берілген. **Упанишад** – қатар отыру деген ұғымды білдіреді. **Гуру** (рухани ұстаз) қасына отырған таңдаулы шәкіртіне қасиетті ілім туралы кеңес берген. Дәстүр бойынша Упанишадтар 108 мәтіннен тұрады. Оларда индуизм философиясының мәнін ашатын категориялар берілген:
 - ❖ Жеке жан (Атман) және Әлемдік жан (Брахман)
 - ❖ Брахман мәңгі өмір сүреді, бірақ формасы болмайды.
 - ❖ Әлем бұл – елес (иллюзия, майя).
 - ❖ Жан тізбектелген өмір циклынан (сансарадан) өтіп отырады, оның келесі тіршілігі өзінің іс-әрекетіне (кармасына) байланысты.
 - ❖ Жанның азаптан босатылу қасиеті бар (мокша).
 - ❖ Жаратылған әлемдегі барлық заттар бірлікте болады.

Упанишадтың басты тезисі — Брахман — бар әлемнің генетикалық, түпнегіздік бастамасы және олардың соңы. Брахман екі түрлі болады. Біріншісі — қозғалмайды, нақты өмір сүреді, бірақ жойылып кетуі мүмкін, ал екіншісі — жойылмайды, өлмейді, қозғалыста болады және ақиқат. Бірінші брахман көп түрлі болса, екіншісі — жалқы. Кейбір жағдайларда брахманмен қатар, синоним ретінде атман ұғымы да қарастырылады.

Атман - әрбір тұлғаның жұмбақ және ақылға сыймайтын, таңғажайып субстанциясы түріндегі Брахманның эманациясы. Атманның табиғаты — бір жағынан дене сияқты болса, екінші жағынан рух сияқты. Рухты атман — тіршіліктің негізі, ал екеуі қосылып, барлық денелердің бастамасы, негізі және соңы болады. Брахман және атманмен бірге қатар тұрған ұғымдардың бірі — "мен". Мен" өзін брахманмен, атманмен теңмін деп түсінгенде ғана құдаймен, бүкіл әлеммен тең болады.

Ом - бұл өткеннің, осы шақ пен болашақтың қорытындысы.

ӘЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӨНІНДЕГІ ІЛІМ

- Әлем жаратылысының екі негізі бар: пракрити(материя және энергия) және пуруша(рухани атомдардан құралған рухани субстрат).
- Пракрити – санасыз шығармашылық энергия.
- Пуруша – санасы бар шығармашылық энергия.

Адам туралы ілім

Адам өмірінің мақсаты – пракрити билігінен құтқарылу, сансараны үзу (қайта туу тізбегі), толық ляззат (нирвана) пен бостандыққа (мокша) жету.

Бұл мақсатқа жету үшін б.з.д. III-IV ғасырларда туындаған йога жүйелерімен айналысу қажет.

Йоганың бірін-бірі өара толықтыратын 4 бағыты бар:

- Джнана-йога(таным жолы)
- Карма-йога(әрекет жолы)
- Бхакти-йога(құдайға деген сүйіспеншілік)
- Раджа-йога(өз тәніне үстемшілік ету жолы)



Индуистердин діни рәсімдері



Индуистердің діни рәсімдері үш категорияға бөлінеді:

Нитья – бұл күн сайын жасалатын рәсім. Әр үндіс таңертең Күнге арнап сумен құрбандық шалады немесе отбасы құдайларының алдында пуджи (құдайларға құрмет көрсету) өткізеді.

Наймиттиканы адам өмірінің ерекше кезеңдерінде жасайды. Бұл отбасына кіріс болғанда, балаға есім бергенде, некелескенде өткізілетін рәсім.

Діни рәсімдердің үшіншісі – **камья** – діни саяхат. Бұл діни парызды орындау қажет деп есептесе де, әркімнің таңдауына ерік беріледі.

Индуистер үшін діни саяхат табиғи өмір салтына айналған десе де болады. Діни мейрам кездерінде, әсіресе ана құдайға арналған қысқа діни саяхатты индустар жаяу жасайды. Қасиетті қалалар мен әулиелер орналасқан алыс жерлерге ұзақ саяхатқа шығады.

Неке қию рәсімі



- Дін бойынша қыз балаларға 12 жастан бастап тұрмысқа шығуға рұқсат етіледі. Жігіт пен ата-анасы келін үшін қалың мал сұрауға тыйым саналады.
- Неке қию кезінде куәгерлердің, жақындары мен алыс туыстардың болуы міндетті. Той күні жастар киелі отты жеті рет айналады және оған күріш пен хош иісті заттарды тастайды. Келген қонақтарға күріш шашылады.

Жерлеу рәсімі

- Өлген үндістің денесі отқа өртеледі, ал оның сүйектері жиналып өзенге тасталады. Өлген адамның туыстары мен отбасы мүшелері он күн бойы қаралы киім киеді.
- Брахманның жерлеу рәсіміне қатысуы мен басшылық етуі міндетті болып табылады. Құдай асы жыл бойы, әр ай сайын беріледі. Сонымен қатар міндетті түрде марқұмның рухына бағышталып піскен күріш немесе сүт түрінде құрбандық шалынады.

ИНИЦИАЦИЯ РӘСІМІ

- Бұл рәсім қайта туудың символы ретінде танылған және 8 жастан бастап 24 жасқа дейінгі ұл балаларға қолданылады. Бұл рәсімге шашты қию, дәрет алу, жаңа киім кию және қызыл ұнтақ себу әрекеттері жатады.
- Содан соң ұл баланы гуруге алып барады, ол ұл баланың иығы бойымен киелі бауды байлайды. Осы рәсім орындалғаннан кейін, гуру баланың екінші әкесі саналады, ал бауды олар өмір бойы сақтайды.

Ораза ұстау және діни ант



- Ораза ұстау және діни ант беру дәстүр болып табылады.
- Бұл кезде тағамның тек белгілі түрінен бас тарту ғана емес, сонымен қатар, түрлі әшекей-бұйымдар тағуға, ойын-сауық құруға, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Тыйым салулар

- Тағамды сол қолмен жеуге және оған жақындауға;
- Неке қию салтанатын күндіз, ал жерлеу рәсімін түнде өткізуге;
- Шарапты, қайнамаған суды ішпеу;
- Еттің кез-келген түрін жемеу;
- Бағалы әшекей-бұйымдар тақпау.

Индуизмнің ағымдары



Джайнизм.

- Негізін салушы – М.Джина, б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген.
- Джайнизм теориясы адам жанының өз тәнінен басым болу принципінен туындаған. Карманың қарғысы жан үшін де, тән үшін де қауіпті. Сондықтан да, өмірдің мақсаты – кармадан босау (мокша)
- Бұл ағымды ұстананатындар бес діни антты қабылдайды:
 - ❑ Ешбір тірі жанға залал келтірмеу;
 - ❑ Ұрлық жасамау;
 - ❑ Зинақорлық жасамау;
 - ❑ Пайда іздемеу;
 - ❑ Өтірік айтпау.

- Джайнизмде кастааралық неке қиюларға тыйым салынбаған.



- Джайнистер қауымдастығында тәуіп-тақуалар ерекше орынды иеленеді. Олардың жеке үйлері мен мүліктері болмайды, бар болғаны – тамақ ішуге арналған кокос жаңғағынан жасалған шыны аяғы, отыратын орындарын тазалауға арналған сыпырғышы ме ауыздарын басуға арналған мата қажет. Олар аз ұйықтайды, өте қарапайым болады, біреулердің қайырымдылыққа беретін қаражатына күн көреді, тек өз діндері туралы тақырыпта ғана әңгімелеседі, ағзаларын шынықтырады, тәндерін жансыздандырады, аштықтан қаза табуға дейін барады.




Āhimsā

Satya

Asteya

Brahmacharya

Aparigraha



- **Сикхизм.**
- Индуизмнің бұл бағытының туындауына бір Құдай барлығына ортақ деген идеясы бар Ислам діні зор әсерін тигізді.
- Негізін салушы – Нанак (1469-1539), ол балалық шағында индуистік және мұсылмандық мектепте оқыды.
- Нанак технологиясында Құдай тұлғасы жоқ жан ретінде танылады.



- Сикхтер үшін киелі саналатын «Грант Сахиб» кітабында (Оқытушы мырза) Нанак өз дінінің тек теориялық негіздерін баяндап қана қоймай, көптеген өсиеттерге толтырған.
- Қазіргі таңда сикхизмнің киелі орталығы болып әйгілі алтын ғибадатханасы бар Пенджаб штатындағы Амритсар қаласы болып табылады.

**Назарларыңы
зға рахмет!!!**